

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2025 жылғы 28 шілдедегі № 70
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылы 29
шілдеде № 36526 болып тіркелді

Министерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Дене жаттығуымен шұғылдануды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020
жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-166/2020 бұйрығына өзгерістер
енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Дене жаттығуымен шұғылдануды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28
қазандағы № ҚР ДСМ-166/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21551 болып тіркелген) мынадай өзгерістер
енгізілсін:


кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика
министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан
Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының
204) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дене жаттығуымен шұғылдануды
жүргізудің үлгілік қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Дене жаттығуымен шұғылдануды жүргізудің үлгілік қағидалары
(бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 204) тармақшасына сәйкес әзірленді және дене жаттығуымен шұғылдануды жүргізу тәртібін айқындайды.»;

4-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің м.а.**

Т. Мұратов